

Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» № 94-V Заңына сәйкес мен «PRO IT COMPANY» ЖШС-ге (бұдан әрі мәтін бойынша — **Оператор**) автоматтандырылған, сондай-ақ автоматтандыру құралдарын пайдаланбай мынадай дербес деректерді өңдеуді қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей (бұдан әрі мәтін бойынша - **Келісім**) келісім беремін.

Құрылғының операциялық жүйесінің техникалық параметрлері;

- Банк картасының нөмірі;
- Банк картасы иесінің тегі мен аты.

Дербес деректерді өңдеудің мақсаты маған <https://toptips.kz> мекенжайы бойынша орналасқан Оператор Сервисіне ақша аудару үшін (ақша сыйлыққа беру) қол жеткізімдігін ұсыну болып табылады.

Жеке деректерді өңдеу деп дербес деректерді жинау, жазу, жүйелеу, жинақтау, сақтау, нақтылау(жаңарту, өзгерту), алу, пайдалану, беру (беру, қол жеткізу), бұғаттау, алып тастау, жоюды қоса алғанда, дербес деректермен жасалатын іс-әрекеттер (операциялар) түсінілетіні маған хабарланды.

Операторға үшінші тұлғаның дербес деректерін бере отырып, үшінші тұлғаның осындай деректерді ұсынуға келісімінің болуын растаймын және кепілдік беремін.

Келісім жазбаша нысанда оны берген күннен бастап кері қайтарып алынған күнге дейін қолданылады.

Келісімді Оператордың [office@toptips.kz](mailto:office@toptips.kz) электрондық поштасына еркін нысанда өтініш жіберу арқылы қайтарып алуға болады, мәтінде көрсете отыра :

- ТАӘ;
- Дербес деректер субъектісінің немесе оның өкілінің жеке басын куәландыратын негізгі құжаттың нөмірі, көрсетілген құжаттың берілген күні және оны берген орган туралы мәліметтер не Дербес деректер субъектісін біржақты сәйкестендіруге мүмкіндік беретін өзге де деректер;
- Оператормен қарым-қатынасқа қатысуды растайтын мәліметтер не Оператордың дербес деректерін өңдеу фактісін өзге тәсілмен растайтын мәліметтер;
- азаматтың (немесе оның заңды өкілінің) қолы.